

**Садырбаева А.З.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шетел тілдер факультеті, ИЯМ-22 тобының магистранты  
(Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к. **Ақбаева Г.Н.**)

## ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ-БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЖОБА ӘДІСІН НӘТИЖЕЛІ ҚОЛДАНУ

Қазіргі заманда шетел тілін меңгеру кезкелген заманауи сала маманының кәсіби дайындығының бөлінбес құрамды бөлігі екені қоғамда мойындатылған. Соған сәйкес, тілдік емес жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту студенттердің шет тілдік кәсіби-бағытталған мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуға бағытталуы тиіс, бұл құзыреттілік білікті кәсіптік, ғылыми әрекетке және студенттердің өзін-өзі дамытуға қажетті болып келеді.

О.Н. Федорованың анықтамасы бойынша «шет тілдік коммуникативтік құзыреттілік - студенттердің шет тілінде игерген білімі, біліктіліктері мен іскерліктерін өмірлік практикалық және теориялық мәселелерде қолдануға дайын болуы». Құзыреттілікті дамыту тек студенттердің әртүрлі танымдық, коммуникативтік, практикалық, шығармашылық іс-әрекеттерді орындау барысында жүзеге асады [1, 8].

Білімді дайын түрде мұғалімнен студентке беру кезінде бұндай нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі төмен. Осыған орай, ғылыми-педагогикалық ортада жоғары білім беру аясында студенттердің жеке өзіндік жұмыстарына ерекше рөл бөлінеді.

Әдістемелік ортада кезкелген жеке жұмыс мықты уәждемелік факторлардың әсерінен, мәселен, болашақтағы кәсіби іс-әрекетке дайындық ретінде сәтті және нәтижелі болады. Мұнда орындалатын жеке жұмыстың пайдалылық факторы маңызды роль атқарады: студенттің жұмыс нәтижесінің ғылыми еңбекте, лабораториялық практикумда қолдануынан бастап кәсіби дайындық пен болашақ маманның тікелей іс-әрекетінде белсенді қолдануға дейін. Осы ретте ұстаздың студент шығармашылығы мен кәсіби өсу потенциалын ашуына бағыттаушы рөлі ерекше маңызды.

Берілген контексте шетел тілін оқытуда студенттердің жеке жұмыстарының ұйымдастыруы мен жоспарлауына арналған жаңа тәсілдерді іздеу әсіресе, тілдік емес мамандық студенттері үшін үнемі жүріп отырады. Технологиялық прогрестің аясында, шет тіліндегі арнайы әдебиеттердің артуына байланысты, керекті ақпаратты ғаламтор арқылы алу мүмкіндігі арқылы коммуникативті-танымдық әрекеттің ерекше формаларының бірі жоба әдісін шетел тілін оқыту процесіне интеграциялау белсенділігі саябырсымайды.

Бірқатар авторлар оны шетел тілін оқытудағы тұлғаға бағытталған технология мен әдіс ретінде сипаттайды, бұл әдіске сәйкес оқыту тәрізінде мұғалім емес студент пен оның таным әрекеті тұруы керек. Бұдан шығатыны, білімді алу қабілетін дамыту керек.

Жоба әдісін қолданудың үш негізгі тәсілін қарастырады: жоба аудиториядан тыс жұмыс ретінде қолданылып, шет тілін оқытудың дәстүрлі сабағына интеграцияланып, альтернативті жұмыс түрі ретінде қолданылады. Оқытылып отырған курстың аясында шығармашылық және зерттеу тапсырмаларына сабақтасып немесе жеке де қолданылуы мүмкін.

Әдетте жоба әдісін аудиториялық сабақтағы тапсырмалардың бірі (Hutchinson, 1991) немесе оқулық сабағының соңғы тапсырмасы ретінде қолданады [2].

Жобаның толығырақ дидактикалық типологиясын Е.С. Полат ұсынған [3, 72]:

1 Жобадағы үстем әдіс бойынша: зерттеулік, шығармашылық, рөлдік-ойындық, ақпараттық, тәжірибеге бағытталған.

2 Жобаға жетекшілік ету сипаттамасына қарай: анық немесе көмескі жетекшілік / жасырулы жетекшілік, бұл жағдайда жоба жетекшісі (мұғалім) жоба қатысушысының ролін ойнайды.

3 Контакттардың мінезіне қарай: ішкі (бір топ, университет...), аймақтық, халықаралық.

4 Қатысушылардың санына қарай: жеке / жұптық / топтық.

5 Өткізудің ұзақтығына қарай: қысқа мерзімді / ұзақтығы орташа / ұзақ мерзімді.

6 Пәндік мазмұнына қарай моно-жоба (бір пән аясындағы жоба) және пәнаралық жоба (оқыту барысында екі пәннің пәнаралық байланысын қамтиды) болып бөлінеді.

Шетел тілін оқытуға бағытталған әр жоба бойынша жұмыс шынайы қарым-қатынас шарттарына максималды түрде жақын студенттердің жеке жұмысына (жеке, топтық) көңіл бөлінген жағдаятты жасауды, құрастыруды меңзейді. Жоба жасалатын шарттармен тікелей байланыстағы тақырыпты таңдау, әдетте, студенттердің қызығушылығын оятады. Тілдік материалды іріктеу, тапсырма түрлері мен жұмыс реттілігі де жобаның мақсаты мен тақырыбына сай жүргізіледі.

Жобаның маңызды шарттарының бірі нәтижені көрнекі түрде ұсыну болып табылады. Жоғарыда келтірілген шарттардың барлығы жоба әдісінің ерекшелігі болып табылады.

Ескере кететін жайт, жоба әдісі пәнді жеке студент болып қарастырмай, топтық (командалық) зерттеуге назар аударады. Негізгі әрекет жұп немесе шағын топтарда жүргізіледі. Жоба бойынша жұмыс істеу өз құрамына үздіксіз әрекеттесу, талқылау, мәселені шешуге арналған басты, оптималды жолдарын анықтау, және т.б. қамтиды. Мұны біз О.Б. Тарнопольскийдің жоба әдісін қолдану тәсілінен көре аламыз [4, 14]. Жобада мұғалімге координатор, эксперт, ақпараттың қосымша көзі болу сияқты рөлдер беріледі.

Тілдік емес жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуға аудиториялық сағаттар аз берілетіндіктен жоба әдісін студенттік конкурстарға, конференцияларға қатысу үшін немесе ашық сабақтар үшін де дайындауға болады [5, 157].

Кәсіби-бағыттылған шетел тілін оқыту барысында жоба әдісінің нәтижелілігін көрсету үшін «Биология» мамандығы үшін жобаның қолданылу мысалын қарастырамыз. Және бұл жоба бірнеше жоба түрлерін қамтиды, яғни пәнаралық жоба және дәстүрлі сабақ түріне интеграцияланған мини-жоба түрлері. Рольдік ойын түрінде жасау жобаға қосымша коммуникативтік эффект беріп, студенттердің жұмыс барысындағы қызығушылығын да арттырды.

Шетел тілі мен профильдік пән бағдарламасы студенттер ағылшын тілінде ұсынылған материалды, қазақ тілінде фондық білімдерін еркін қолдана алатындай деңгейде сай етіп жасалады.

Сонымен, жобамыз бойынша жұмыс жасауды сипаттап өтейік. Жоба «Comparative Anatomy Project» деп аталады. Бұл жобада студенттер 4 топқа бөлініп, адам мен жануарлардың анатомиялық жүйелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырады. Жобамен жұмыс жасаудың соңында әр топ өзінің мини-жобасын ұсынуы тиіс. Бұл мини-жобада адам мен жануар дене жүйелері арасындағы қарым-қатынас, ұқсастықтары анықталады және ролдік ойын ретінде студенттердің көрмедегі гид рөлін атқарып, басқа топ студенттеріне гид-маман ретінде түсіндіретіндігі.

Бұл жобаны жасау арқылы студенттер жануарлардың анатомиясын зерттеп, адам анатомиясымен салыстырады, яғни, бұл жобада студенттердің адам анатомиясы туралы алған білімдері қажет. Осы жоба арқылы студенттер мәселені шешу үшін топпен жұмыс жасауды үйреніп қана қоймай, адам анатомиясы мен физиология жүйелерін жақсы түсінеді.

Жобаны орындау үшін шамамен 6 академиялық сағат қажет және салыстыруды ұсынатын презентация үшін қосымша уақыт керек болады. Жобаға дайындалу барысында студенттер өз топ мүшелерімен сабақта жоба жайлы талқылауға мүмкіндікке ие болуы тиіс. Олар аналогиялар, концепциялар, дәлелдер жайлы бөліседі және топтың әр мүшесі зерттеуге тікелей қатысады.

Мұғалім жобаның бірінші күні студенттердің қандай жұмыс жасау керектігі жайлы түсіндіріп, сценарийін талқылауға ұсынады:

Шетелдік биология мамандықтарының студенттері біздің университетке жануарлар мен адам анатомиясын зерттеу көрмесіне келді. Бұл көрме арқылы біз шетелдік студенттерге адам мен жануарлар анатомиясының жүйесі жайлы барынша толық салыстырмалы ақпарат беріп, оларда туындаған барлық сұрақтарға жауап беруіміз тиіс.

Содан кейін мұғалім тақтаға 1-100 дейін сандарды жазып, ойынан бір санды жасырады, мұғалімнің жасырған санына жақын санды тапқан топ омыртқасыз (invertibrate), балық немесе амфибия (fish or amphibian), рептилия (reptile) немесе құсты (bird) таңдайды. Соның ішінде белгілі бір түрін таңдап, қарастырады.

Your group will be assigned one of following categories of animals: invertebrates, fish or amphibians, reptiles or birds. Your group will choose any animal from this category but cannot be the same species as any other group.

Студенттер гид рөлдерін ойнауы тиіс, ал басқа топ мүшелері шетелдік студенттер рөлін атқарып, сұрақтар қойып, керекті ақпараттарын алады. Студенттердің қызығушылығы ретінде олар өздеріне шетелдік есімдер беріп, өздерін шетелдік студенттер ретінде елестетуін атап өтуге болады. Мысалы, Burak Demir (Gazi University, Turkey), Poly de Carlos (Unicamp (State University of Campinas), Sao Paulo, Brasil) және т.б. Тағы бір ескерілген жайт, әр топта тілді білу деңгейлері бойынша әртүрлі студенттер жиналады, міндетті түрде бір топта тілді жақсы меңгерген бір студент болғаны абзал.

Студенттер барлық жобаға керекті сөздерді сөздіктен қарап, аударып, кейін бір тілді сөздіктің көмегіне жүгінеді. Оның себебі бұл жүйелерге, жүйе жұмыстарына қатысты барлық сөздермен, сөз тіркестерімен танысады.

Кейін мұғалім студенттерге презентация нені қамтуы керектігін және қандай шарттарға сай болу керек екенін түсіндіріп өтеді:

**Poster:** Your poster will consist of the following five items:

Human anatomy – 6 human organ system paragraphs

Human anatomy – 6 hand-drawn colored pictures of each system

Animal anatomy – 6 animal paragraphs explaining how their organ is different to the human's system

Animal anatomy – 6 drawn colored pictures of each system

Animal background – taxonomy list and three ecology paragraphs

**Human Anatomy Paragraphs:** Write a paragraph about the 6 human body systems below and how that system interacts with other systems. Explain the purpose and function of the parts listed in the system and how they help to maintain homeostasis.

Digestive system: mouth, salivary glands, esophagus, stomach, small intestine, liver, gallbladder, pancreas, and large intestine (colons, rectum).

Excretory system: kidneys (nephrons), ureters, urinary bladder, and urethra.

Respiratory system: nose (nasal cavity), pharynx, larynx, trachea, bronchi, alveoli, respiration and the diaphragm.

Circulatory system: double loop (pulmonary circulation, systemic circulation), the flow of the four chambers of the heart, heartbeats, blood vessels (arteries, capillaries, veins), and blood (plasma, hemoglobin, platelets).

Nervous system: cerebrum, cerebellum, olfactory bulb, optic lobe, medulla oblongata, and spinal cord.

Locomotion (muscular and skeletal system) – axial and appendicular skeletons, cartilage, joints (ligaments), skeletal muscle example, smooth muscle example, cardiac muscle example, and tendons.

**Animal Anatomy Paragraphs:**

Write a paragraph for each of the same body systems as a human. Explain how the animal's anatomy or physiology are the same / different between your animal and humans.

**Animal background:**

1. Create taxonomy from kingdom to species of your animal.
2. Describe the ecological habitat, food chain, and mating behavior.

Жасалған жұмыстан кейін жобаны бағалау жүзеге асыралады. Жасалған жобаның қалай жасалғандығын бағалау үшін төмендегі кестені қолданамыз.

Кесте 1 - Comparative Anatomy Rubric

	<b>Beginning</b>	<b>Novice</b>	<b>Proficient</b>	<b>Excellent</b>	<b>Grade</b>
<b>Poster Content</b>	Missing 4 or more content items, incomplete, below basic explanations or did not contribute much. 20 points	2-3 items missing in the content section, basic explanations of the content, or did not follow all the requirements. 30 points	1 item missing from the poster or a good comprehension of body system interactions and how they help to maintain homeostasis. 35 points	All content was thoroughly included, advanced comprehension of body system interactions and how they help to maintain homeostasis. 40 points	
<b>Visual aide and graphic design</b>	Incomplete or 2 or more items missing from proficient or did not contribute much. 20 points	One item missing from proficient. 30 points	Visual aide is large tri-fold, 50% graphics, each body system for both has a graphic, and organized design. 35 points	Everything is proficient. Hand drawn colorful graphics or professional looking color printed. 40 points	
<b>Presentation</b>	Student did not convey he/she understood what he/she was talking about. 5 points	Student describe some of the poster and demonstrated some knowledge of human and	Student described most of the poster and demonstrated a good knowledge of human and animal body system interactions,	Student described everything and demonstrated a thorough knowledge of human and animal body system interactions, share	

		animal anatomy, or sometimes looked at the audience. 10 points	looked at the audience, and shared equal parts. 15 points	equal parts, looked at the audience, and project their voice. 20 points	
<b>Total points</b>					

Осындай жобаны жасау барысында студенттер өздері жеке жұмыс істеуді үйреніп, кәсіби білімдерін жетілдіреді. Сонымен қатар, олар өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытып, ролдік ойын ретінде өздерін гид, шетелдік студенттерінің ролдерін ойнау барысында көпшілік алдында ұялмай, өздерін сенімді ұстауға үйренеді. Мұндай жобаларды жасау барысында мұғалім тек көмескі ролді атқарады да, тек шарттар мен тапсырмаларды айту үшін, брошюларды тарату деген секілді жұмыстарды орындайды. Студенттер барынша басты орында болады.

Қорыта айтқанда, біздің келтірген мысалымыз аралас жоба түрі. Жобада жасалатын әрекеттер сипаттамасы бойынша шығармашылық, ролдік, ізденімпаздық, зерттеушілік болып табылады. Жұмыс жасау барысында студенттердің жеке жұмысына басым көңіл бөлініп, практикалық бағыттағы нәтижелі жұмыс түрі деуге болады. Студенттердің танымдық іс-әрекетке ұмтылуы, игерілген білімдерін практикада қолдануы, коммуникативті іскерліктері, топта ортақ нәтижеге бағытталап жұмыс жасауы сияқты қабілеттері ашылып, кейбір психологиялық барьерінен арылады, мәселен, өз біліміне деген сенімсіздігі мен шет тілін оқуға деген қабілетінің төмен деп ойлауы. Кәсіби - бағытталған шетел тілін оқыту барысында жоба әдісі арқылы тек қана кәсіби білімдері ғана шындалып қоймай, өзін-өзі дамытып, тұлғалық қасиеттерін де жетілдіреді. Сонымен қатар, кәсіби-бағытталған шет тілін оқыту барысында жоба әдісі болашақ мамандардың кәсіби-коммуникативті құзыреттілігін арттырудың бірден-бір нәтижелі жолы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1 Федорова О.Н. Обучение английскому языку студентов неязыкового вуза на основе компетентного подхода [Электронный ресурс]: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02 / О.Н. Федорова. - СПб., 2007. - 278 с. - РГБ ОД, 61:07-13/1014. - Режим доступа: <http://nauka-pedagogika.com/viewer/18545/d#?page=6>, свободный (дата обращения: 19.06.2015).

2 Кочетурова Н.А. Метод проектов в обучении языку - теория и практика (2003) [Электронный ресурс] / Н.А. Кочетурова // Информационные технологии в обучении языку. - Новосибирск: НГТУ, сор. 2003-2009. - Режим доступа: <http://www.itl.edu.nstu.ru/article4.php>, свободный (дата обращения: 12.01.2012).

3 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров; под. ред. Е.С. Полат. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 272 с.

4 Тарнопольский О.Б., Кожушко С.П. Ділові Проекти (Business Projects) / О.Б.Тарнопольский, С.П. Кожушко // Coursebook. Student's Book and Workbook. - Second edition. - Пидручник для студентів вищих навчальних закладів економічного профілю. - Вінниця: Нова Книга, 2007. - 328 с.

5 Тарнопольский О.Б., Кожушко С.П. Ділові Проекти (Business Projects) / О.Б. Тарнопольский, С.П. Кожушко // Teacher's Book. - Second edition. - Вінниця: Нова Книга, 2007. - 88 с.

**Саликов Н.К.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, дене мәдениеті және спорт факультеті, ДМЖС -11 тобының магистранты

(Ғылыми жетекші — к.п.н., профессор **Бәжиг Ж.**)

## САМБО КҮРЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Алғаш адамдар жыртқыш жан-жануарлармен жалаң қолмен шабуылдар жасап көп шығындарға ұшырап отырды, уақыт өте келе оның амалдарын ойлап тапты сонымен қатар жаңа қару-жарақтарды жасады, соның арқасында олар мол табыстарға жетті. Бұл туралы архелогиялық көне жәдігерлерге, тастарға салынған сурет таңбалар куә.